


Еврипид «Медея»

Орындаған: Әсілбай Әмина

Қабылдаған: Серікова Самал




Еврипид (б. з. д. 480—406) — үшінші трагедия ақыны. 92 драмалық шығарма жазған, бізге содан 17 трагедия мен 1 сатиралық драма жеткен. Оның трагедиялары әр түрлі саяси көзқарастарға және қазіргі заман туралы ойларға толы. 35 жылдық шығармашылық өмірінде үлкен табысқа жеткен емес, бар-жоғы бес рет бірінші бәйге алған. Соғыс атаулыға қарсы жазылған патриоттық шығармаларында (*"Троя әйелдері"*, *"Андромаха"*, *"Геракл"*, *"Гераклидтер"*) антикалық дәуірдің демократиялық идеяларына қатты көңіл бөлді. Еврипид жасаған бейнелер мен сюжеттерден кейін көптеген әдебиетшілер үлгі алды. Драматург кейіпкерлерін шындық өмірге жақындатты. Оның жағымды кейіпкерлері байлыққа қызығушылық қылмыс жасауға апаруы мүмкін деген ой айтады. Ол соғыстың адамдарға, әсіресе әйелдер мен балаларға қаншама қайғы-қасірет әкелетінін көрсетеді (*"Гекуба"*, *"Троя әйелдері"*). Соғысты тек өз елінің тәуелсіздігін сақтау үшін ғана бастауға болады, — деп есептейді Еврипид.

Еврипидтің танымал трагедияларының бірі — *"Медей"*. Оның сюжеті аргонавтар туралы аңыз-мифтен алынған.



«Медея» – қорланған махаббат пен қызғаныштың трагедиясы. Ақын бұл сезімдердің күші мен құдіретін Медеяның қайғы-дерті, ашу-ызасы арқылы толық ашып көрсеткен. Осы заман адамдары көзімен қарағанда:




Еврипид Медеяның қасіретке толы шерлі монологында әйелдердің ауыр тағдыры туралы хикая қылады. Қаһарманның айтуынша, «дүниедегі барша тіршілік арасында әйелдерден өткен бақытсыз жан жоқ, Сүйген ерің арсыз, тұрақсыз болып шықса, оны тастап кете алмайсың, өйткені, некені бұзу – масқара іс саналады. Ерлердің жағдайы мүлдем басқаша: олар отбасынан зерігіп қалса, көшеге шығып, достарымен көңілдерін көтеріп келеді. Әйелдің жалғыз жұбанышы – ері. «Ерлеріміз қалқан болып, әйелдерін қорғайды» дейді, бекер, жалған сөз.



Әйелдер өздерінің отбасы тыныштығын қорғауда ешқандай қылмыстан қайтпайтынын, махаббатта қаншалықты сезімтал болса, кек алуда да соншалықты мейірімсіз екендігін ақын Медеяның сөздері арқылы баяндйды:

Біз әйелдер өте қоқақпыз,
Қанды көрсек зәреміз ұшар,
Қылыш-қанжар жүрек шошытар,
Бірақ, білің, неке төсегі,
Әйелдердің қасиетті құқы
Ойран болып, тапталса егер,
Ызамыздың жоқ ғой дауасы,
Тек қана өлім оның жазасы.



Еврипид Медеяның қанды қылмыстарын жазықсыз қорланған жанның наразылығы түрінде сипаттайды. Ақын Медеяның әрекеттерін баяндағанда, оны қаһарман бойындағы жеке қасиеттер бейнесінле емес, ал әлеуметтік жағдайлардың нәтижесі ретінде талқылайды. Медеяның бүкіл ашу-ызасы – сол қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы наразылықтың көрінісі.



Медея ең алдымен – ана, оның жүрегінде перзентке деген мейірімділік әрдайым соғып тұрады. Сол себепті, бұл әйел өз балаларының жанына қастық жасап, қанжар көтергенінде аналық сезімі мен кек алу тілегі ортасында үлкен тартыс басталады:

Керек емес, қой, жаным! Мұндай қылмашы!
Балаларға өмір бер, өлтірме, ашын!
Олардан айырылып қайғы h-шер жұтпа!
Бір сәт болса да, сүйсінген шырын...



Адамның шынайы, ішкі рухани дүниесін ашу – Еврипидтің трагедия өнеріне енгізген тұңғыш жаңалығы. Отбасы, әйелдердің ауыр тағдыры, әкенің міндеттері және осы сияқты бірнеше адамгершілік қатынастар туралы шығармада бейнеленген мол пікірлер алдыңғы драматургтер шығармашылығына тән көтеріңкі күйден Еврипидтің түгелдей бас тартып, қарапайым тұрмыс мәселелеріне, күнделікті оқиғаларға жақындасып келе жатқандығын көрсетеді.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Еврипид. Медея. Елена. Трагедиялары (ауд. Қ.Жұмалиев)
2. Шетел әдебиетінің тарихы Ж.Т.Қобланов